

АНОНС!

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ
ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІ
КҮШЕЙТЕДІ

2-
бетте

БЕС АУДАНДЫ
ҚАМТИТЫН
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЖОБА

3-
бетте

www.aigak.kz



АЙҒАК

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldız", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri

№22 /sarsenbi/ 04 maýsym 2025 jyl



МЕГАПОЛИСТЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БАҒДАРЛАМАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ



Шымкентте өткен аптада Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің алқа отырысында қаланың 2029 жылға дейінгі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағдарламасы ресми түрде мақұлданды. Бұл – мемлекет көлемінде алғаш рет қабылданған, ірі мегаполистің денсаулық сақтау стратегиясын қамтитын ауқымды құжат.

Бағдарлама ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми орталық және Шымкент қаласы әкімдігімен бірлесіп әзірленген. Негізгі мақсат – халықтың денсаулығын нығайту, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

Бағдарламаның алты стратегиялық бағыты:

1. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурудың алдын алу**

2. **Медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру**

3. **Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті арттыру**

4. **Медицинадағы білім мен ғылымды дамыту**

5. **Дәрілік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру**

6. **Саланың тұрақты қаржы-ландыру тетіктерін қалыптастыру**

Қала әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асылтовтың айтуынша, бағ-

дарлама аясында ірі жобалар мен инфрақұрылым жаңартылады. Атап айтқанда, жаңа перинаталдық орталық, 2 көпсалалы аурухана, 5 емхана (МЖӨ аясында), медициналық жабдықтарды жаңғырту, 87 мектепте стоматологиялық кабинеттер ашу, әйелдерді прегравидарлық даярлау жұмысы кеңейеді, контрацепция құралдарының қолжетімділігі артады,

қосымша орталықтар мен қызметтер ашылады: 12 бейін бойынша 31 құзырет орталығы, 2 скринингтік орталық, 2 амбулаториялық онкологиялық көмек орталығы. Сондай-ақ, Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасы жанынан ахуалдық орталық құрылды.

Алқа отырысы барысында қала әкімдігі отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен меморандумдарға қол

қойды. Бұл жоғары технологияларды енгізу, медициналық туризмді дамыту және күрделі операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 2026 жылдың I тоқсанында Шымкенттің ДДҰ-ның “Салауатты қалалар” Еуропалық желісіне қосылуы жоспарланып отыр. Бұл жоба қазіргі таңда 30-дан астам елдің 100-ден астам қаласын қамтиды. Инвестициялық көлемі 600 млрд теңге құрайтын бағдарламаны жүзеге асыру үшін: Жергілікті бюджеттен: 125 млрд теңгеден астам, Республикалық бюджеттен: 245 млрд теңге, Жеке инвестициялар: 172 млрд теңге шамасында қаражат бөлінді.

Нәтижесінде, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы – 79,1 жасқа дейін, салауатты өмір салтын ұстанушылар үлесі – 60% артады, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі – 80%, қаланың негізгі денсаулық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі әр өңірде тұрақты, тиімді және пациентке бағдарланған жүйе құруға дайын екенін атап өтті. Шымкенттің бұл бастамасы елдегі медициналық реформалардың үлгісі болмақ.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

ЖОЛАУШЫЛАРҒА - ЖАЙЛЫЛЫҚ, ЗАҢСЫЗ ТАСЫМАЛҒА - ТОСҚАУЫЛ

Шымкент қаласында Түркістан облысының оңтүстік аудандарына қатынайтын жолаушылар тасымалын жүйелеу және заңсыз көлік қызметін шектеу мақсатында жаңа «Қазығұрт» автобекеті іске қосылуда. Автобекет А-2 республикалық маңызы бар тас жолының бойында, жолаушылар ағынына қолайлы аймақта орналасқан.

Автобекеттің жалпы аумағы: 1,2 гектар, гимарат көлемі 1200 шаршы метр, күту залы 150 орынға шақталған, күніне 600–1000 жолаушыны қабылдауға қауқарлы. Автобекеттен Жетісай, Асықата, Атакент, Мақтарал, Шардара, Сарыағаш, Абай, Жібек жолы, Қазығұрт, Рабат бағыттарына көлік қатынайды.

Қазіргі таңда «Дархан» сауда үйі мен «Көмешбұлақ» базары маңынан қатынап жүрген заңсыз тасымалға тосқауыл болмақ. 65 тұрақты бағыттағы автобус, 150-ге жуық заңсыз такси көлігі — Қазығұрт»

автобекетіне көшірілуде. Бұл өзгеріс көлік қозғалысын орталықтандыруға, заңсыз тасымалды азайтуға және жолаушылар қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Қалалық маршруттардың қолжетімділік қамтылған. Жолаушылардың жаңа автобекетке ыңғайлы жетуі үшін «Көмешбұлақ» аялдамасы арқылы өтетін 9 қоғамдық көлік бағыты ұйымдастырылды: №5, 21, 32, 34, 35, 43, 56, 60, 147.

Қосымша инфрақұрылымдық шаралар: «Көмешбұлақ» маңындағы бейберекет тұрақтар реттеледі сондай-ақ, Республика даңғылынан Бадам өзеніне дейін арнайы қоршаулар орнатылады. Бұл — көлік қозғалысын оңтайландыру және жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін арттыру үшін қолға алынған.

Қала әкімдігі заңсыз тасымал мен ретсіз тұрақтарды жою мақсатында тиісті құзырлы органдармен бірлесіп арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеуде. Бұл бағыттағы бақылау күшейтілген режимде жүргізілетін болады.

Арайлым ӘБСАҒАТ.



КӨЛЕҢКЕЛІ СУ НАРЫҒЫНЫ ҚАУІПІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде су ресурстарын тиімді басқару және су заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында ауқымды тексерулер жүргізілуде. Осы бағытта Су ресурстары және ирригация министрлігі «көлеңкелі» су нарығымен күресті күшейтіп, заңсыз өрекеттерге қарсы нақты шаралар қабылдап жатыр.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Арал Сырдария бассейндік инспекциясының мандары Түркістан облысы Шардара ауданының Жаушықұм суару алқабында тіркелмеген және заңсыз жұмыс істеп тұрған 24 су сорғы қондырғысын анықтады. Бұл құрылғылар ауыл шаруашылығында су пайдалануды реттейтін заңнамаға қайшы келетіндіктен, тиісті шаралар қабылдау үшін мәліметтер жергілікті атқарушы органдарға жолданды. Сонымен қатар, әкімдікке заңбұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар

берілді.

Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың бірінші тоқсанында бассейндік инспекциялар 20 тексеру жүргізіп, нәтижесінде 26 заң бұзушылық анықталды. Бұл бойынша 10 ұйғарым шығарылып, 13,3 миллион теңгеге 133 әкімшілік айыппұл салынды. Ал 2024 жылы инспекциялар 439 тексеру өткізіп, 1 855 заң бұзушылықты анықтап, 48,4 миллион теңге көлемінде 582 әкімшілік айыппұл тағайындаған.

Сала министрі Нұржан Нұржігітовтың айтуынша, 10 маусымнан бастап жаңа Су кодексі

күшіне енеді. Бұл заңнамаға сәйкес, бассейндік инспекциялар суды пайдалану саласында бақылау және жедел өрекет ету құзыреттеріне ие болады. Сонымен қатар, жаңа Су кодексіне байланысты Әкімшілік кодекске де өзгерістер енгізіліп, су заңнамасын бұзушыларға қолданылатын жаза түрлері қатайды.

Су ресурстарын заңсыз пайдалануға жол бермеу – елдің экологиялық қауіпсіздігі мен агроөнеркәсіптік тұрақтылығы үшін маңызды. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

«Айғақ» - ақпарат.



GOOGLE КОМПАНИЯСЫНАН АРНАЙЫ ШАҚЫРТУ АЛҒАН СТУДЕНТ

Павлодар қаласындағы IT-колледждің студенті Даниил Барт Google компаниясынан Берлин қаласында өтетін халықаралық Google I/O - 2025 конференциясына қатысу үшін арнайы шақырту алды. Бұл шара Еуропа, Азия, Таяу Шығыс пен Африканың үздік мамандарын біріктіреді.

Даниил — әлем бойынша техникалық құзыреттілікті растаудың қатаң талаптарынан сүрінбей өткен санаулы студенттердің бірі.

«Конференция және одан кейінгі тағылымдама жасанды интеллект, Android, бұлтты платформалар мен веб-технологиялар саласындағы озық білімге жол ашады. Мен осындай деңгейдегі шараға елімнің атынан қатысатыныма қуанамын», — дейді Даниил Барт.

Студенттің бұл халықаралық

компаниямен серіктестігі 2023 жылы колледждің 1-курсында басталды. Ол Қазақстанда Google ұйымдастырған техникалық іс-шаралар мен байқауларды өткізетін команда құрамына кірді.

Қазір Даниил Павлодар ақпараттық технологиялар колледжінің 3-курсында оқиды. Бағдарламалауға қызығушылығы мектепте пайда болып, колледжде түрлі байқаулар мен хакатондарға белсенді қатыса бастады. 2023 жылы WorldSkills Kazakhstan байқауында «алтын» жеңіп алды, 2024 жылы ол Иранда өткен халықаралық турнирде үздік ондыққа енді. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлығының лауреаты және Google қауымдастығы аясында бірқатар жобалардың авторы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘКЕЛЕР БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСА БАСТАДЫ



заң қабылдауды және «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасын іске қосуды қоса алғанда, елеулі реформалар жүргізілгенін атап өтті.

Сондай-ақ спикер Президенттің «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасының маңыздылығын атап өтті. ЮНИСЕФ өкілі Қазақстанмен бірлесіп жүргізілген елдегі балалардың жағдайын бағалау жөніндегі МИКЗ ауқымды зерттеуінің нәтижелері туралы хабарлады. Мәліметтерге сәйкес, балалардың 75%-дан астамы денсаулық сақтау және білім беру салаларында үйлесімді дамуды көрсетеді.

«Бізді әкелердің балалардың ерте дамуына қатысуы туралы деректер қуантады. Бұл көрсеткіш 6%-дан 18%-ға дейін өсті. Бұл әкелер балалармен жиі ойнап, сөйлесе бастағанын білдіреді. Дегенмен, кез келген елдегідей, назар аударуды қажет ететін мәселелер әлі де бар. Біріншіден, бұл – аймақтағы үлкен қалалар мен елдімекендер арасындағы алшақтық. Екіншіден, 23% балалардың артық салмағы бар. Елде өңірлік мектептер үшін мектеп тағамдары мен мәзір стандарттары әзірленіп жатқаны қуантады», — деп қосты ол.

Алдағы бес жыл ішінде ЮНИСЕФ Қазақстанмен үш негізгі бағыт бойынша ынтымақтастықты жалғастырады. Біріншісі – ерте дамуға баса назар аудара отырып, әр баланың өмірінің сапалы басталуын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларында Үкіметпен бірлескен жұмыс. Екіншісі – зорлық-зомбылықтан қорғау және психологиялық денсаулықты қолдау. Үшіншісі – барлық бала үшін тұрақты және өділ даму.

ҒАЛЫМДАР ШЕТ АУДАНЫНДА 25 ЖАҢА ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШ ТАПТЫ

Мамыр айының соңына дейін Сарыарқа археологиялық институтының ғалымдары Шет ауданында іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізді. Олар 25 жаңа тарихи-мәдени мұра ескерткішін тапты, деп хабарлайды Қарағанды облысының әкімдігі.

Бұл тарихи ескерткіштердің негізгі бөлігі – өртүрлі дәуірге жататын жеке қорғандар мен тұтас қорымдар. Әзірге егжей-тегжейлі зерттеусіз олардың нақты жасын анықтау мүмкін емес.

Алайда, өзіне тән белгілерінің жиынтығы бойынша ғалымдар табылған ескерткіштердің үш дәуірге – қола дәуіріне, ерте темір дәуіріне және орта ғасырға жататынын анықтай алды.

– Барлық табылған ескерткіштер туралы біз жергілікті

атқарушы органдарға ресми түрде хабарлауымыз керек. Ал олар бұл орындарды күзетке алуға тиіс. Тек осыдан кейін ғана одан әрі зерттеулер, қазбалар жүргізуге болады. Бұл процесс жылдам жасалатын дүние емес, бірақ біз осы қорымдарда қазба жұмыстарын жүргіземіз. Жұмыстар Шет ауданының аумағын ғасырлар бұрын мекендеген адамдардың өмірін толықтыруға және жақсы түсінуге көмектеседі, — дейді Сарыарқа археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Экспедиция мүшелері сондай-ақ бұрын табылған Шұнақ петроглифтерін зерттеді. Ғалымдар жиі кездесетін сюжеттерді сипаттап, петроглифтердің ең қызықты үзінділерін суреттеді.

СИАНЬНАН ШЫҚҚАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИСТІК ПОЙЫЗ АЛМАТЫҒА КЕЛІП ЖЕТТІ

Алматы-2 теміржол вокзалына Қытайдан келген «Сиань-Алматы» бағытындағы алғашқы халықаралық туристік пойыз келіп жетті. Қытайдан келген туристерді қарсы алу құрметіне перронда ұлттық өнер көрсетіліп, домбыраның әуезді күйі шырқалған салтанатты рәсім өтті.

Іс-шараға қос елдің мемлекеттік және көлік салаларының өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Сиань қаласының мәдениет және туризм басқармасының директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, ҚР Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің Төрағасы, ҚР Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің Төрағасы қатысты.

«Ұлттық тасымалдаушы «Сиань – Алматы» бағытындағы халықаралық туристік пойыздың жолаушыларын қарсы алуға қуанышты. Пойыздың Қазақстан аумағымен қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілді. Халықаралық бағдардың ерекшеліктерін ескере отырып, пойыз қозғалысына арналған арнайы кесте әзірленді», — деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов.

Құрам 9 вагоннан тұрады. Туристік делегация құрамында 246 адам бар. Олардың қатарында кәсіпкерлер, ғалымдар, мәдениет пен спорт саласының



танымал өкілдері бар. Қытайлық қонақтар бес күн бойы еліміздің оңтүстік астанасының тарихи-мәдени ерекшеліктерімен танысып, түрлі шараларға қатысады. Бағдарлама аясында төмендегідей іс-шаралар жоспарланған:

1 маусым – Сиань–Алматы мәдени туризм апталығының ресми ашылуы және қарсы алу рәсімі;

2 маусым – Республика сарайы алдындағы алаңда өтетін ауқымды мәдени-гуманитарлық фестиваль;

3 маусым – Алматы қаласының мұражайлары мен көрнекті орындарына экскурсиялар;

4 маусым – жастар мен спортшыларға арналған іс-шаралар, соның ішінде достық матчтар мен әйел кәсіпкерлерімен кездесулер;

5–6 маусым – пойыздың кері бағытта жолға шығуы;

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТЕДІ

Солтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстарды өңірдің мәдени-тарихи мұрасымен үйлестіре отырып, туристік саланы белсенді дамытуда. Имантау-Шалқар курорттық аймағы басым бағыт болып қала береді, алайда облыс орталығы — Петропавл қаласы да тартымдылыққа ие болуда, деп хабарлайды олыс өкімдігі.

Бай архитектуралық келбеті, тарихи нысандары және жаңартылатын инфрақұрылымы бар қала туристерді тартудың перспективалы нүктесі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда Петропавл бойынша Абылай хан резиденциясы, Ботаникалық бақ, Қазақстан Конституциясының жаяу жүргіншілер көшесі — әлемдегі ең ұзын жаяу жүргіншілер көшелерінің бірі, Қалыңдық үйі, Пестрое көлі, сондай-ақ бейнелеу өнері мұражайы сияқты басты көрікті жерлерді қамтитын 28 туристік маршрут әзірленді. Экскурсиялық турларды туристік фирмалар да, аймақтық туристік қауымдастық та ұсынады.

Қонақ үй қорын кеңейту мақсатында қала орталығында «Самовар» қонақ үйінің құрылысы аяқталды. Нысанның ашылуы ағымдағы жылдың шілдесіне жоспарланған. Инвестиция көлемі 1 миллиард теңгені құрады, қонақ үй 68 төсек-орынға есептелген.

Қаладан бес минуттық жерде атқа міну қызметі ұйымдастырылған ипподром орналасқан.

Қала маңындағы демалыс аймақтары да белсенді дамуда. Вороний Островтағы «Green Wood», «Сосновый бор» және «Қызылжар» демалыс базалары жұмыс істеуде.

Бұрынғы «Волна» балалар лагерінің аумағында 500 төсек-орынға арналған санаторий-курорттық кешен салу бойынша ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Кешенге спорттық-сауықтыру, ойынауық және тұрғын үй блоктары кіреді. Бүгінгі күні 12 жыл бойы барн-Хаус, кафе, әртүрлі сыйымдылықтағы беседкалар, шатырлы сахна, футбол, волейбол және бадминтонға арналған спорт алаңдары, сондай-ақ үстел теннисіне арналған үстелдер пайдалануға берілді. 20-30 қатысушыға арналған командалық-тактикалық пейнтбол ойындары өткізіледі. Спорттық жабдықтарды жалға алуға болады: қыстаңаңғы мен ірімшіктер, жазда велосипедтер мен сапбордтар.

Сонымен қатар, Петропавлға кіре берісте «Nomad tourism» ЖШС жаңа туристік база-сының құрылысы жүргізілуде. Жоба A-frame форматында сегіз үй салуды көздейді. Инвестицияның жалпы көлемі 1 миллиард теңгені құрайды.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС МЕТАЛЛУРГИЯ, ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНИКА ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРАДЫ

Қазақстанда отандық өнімнің үлесі артып келеді. Бұл үрдіс металлургия, жеңіл өнеркәсіп және электроника салаларында байқалады. Тауарлардың ішкі өндірісінің ұлғаюы нәтижесінде импорттық өнімдер біртіндеп ауыстырылады, соообщает Primeminister.kz.

«Отандық өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдаудың пәрменді құралдарының бірі реттелетін сатып алуларға қатысуға басым құқық беру болып саналады», — деп атап өтті өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев

Үкімет отырысында. Осы құралдың арқасында отандық тауарлардың 4 834 астам позициясына басымдық берілді. Осы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар отандық тауар өндірушілермен 303 млрд теңге болатын 96 мыңнан астам келісімшартқа отырды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе жоғары.

Бетгі жгнақтап дайындаған:
Әлия ҚҰРАЛБЕК.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысының суару жүйелерін жаңғырту және күшейту мақсатында «Қазсушар» РМК облыстық филиалына 38 жаңа арнайы техника жеткізілді. Бұл жаңалық су ресурстарын тиімді басқару және ауыл шаруашылығын тұрақты сумен қамту бағытындағы маңызды қадам болып отыр.

Жаңа техниканың бір бөлігі өңірдегі ірі өндірістік учаскелерге бөлінді. Атап айтқанда, Жетісай өндірістік учаскесіне екі тиегіш пен бір экскаватор, ал Мақтаарал өндірістік учаскесіне екі тиегіш техника табысталды. Бұл машиналар суару арналарын тазарту және жөндеу жұмыстарын механикаландырылған әдіспен жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда техникалар каналдарды тазалау жұмыстарына жұмылдырылып, суару кезеңінің үздіксіз әрі сапалы өтуіне өз үлесін қосып жатыр. Бұл – өсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысатын шаруалар үшін өте маңызды.

Жергілікті тұрғындар мен шаруалар атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беруде. Мақталы ауылының тұрғыны Сах-тула Темірәлиевтің айтуынша, бұл шаралар тек шаруаларға ғана емес, жалпы халыққа пайдалы.

«Қазсушар» мекемесіне алғыс айтамын. Суару науқанына дайындық жұмыстары өте жақсы деңгейде жүргізіліп жатыр. Жұмысты осылай алдын ала атқарған бөріне пайдасын тигізеді. Халық та риза, барлығымыз ризамыз», – дейді ол.

«Қазсушар» РМК-ның жаңарту бағдарламасы аясында Түркістан облысы бойынша барлығы 130 арнайы техника жеткізілуі жоспарланған. Ал жалпы ел бойынша Су ресурстары және ирригация министрлігі көсіпорны филиалдарын 757 жаңа техникамен қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Бұл бастама еліміздің агросаласын дамыту, су тапшылығының алдын алу және су инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңғырту жолында жасалған нақты әрі қажетті қадамдардың бірі ретінде бағалануда. Түркістан облысында су шаруашылығы нығайып келеді: «Қазсушар» 38 жаңа техникамен жабдықталды

БЕС АУДАНДЫ ҚАМТИТЫН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБА

Су ресурстары және ирригация министрлігі Түркістан облысында ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды. Бұл — Өгем өзенінде гидроэлектр станциялары (ГЭС) каскадымен бірге салынатын жаңа топтық су құбыры. Жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жеке инвестиция тарту арқылы жүзеге асырылмақ.

Ауқымды жобаның аясында:

- 12 шақырымдық тау туннелі қазылады;
- 40 шақырымдық су құбыры салынады;
- Сужинауқоймасы мен Қазығұрт ауданының Жаңабазар ауылындағы су тазарту станциясы бой көтереді;

• Сонымен қатар, бес шағын гидроэлектр станциясынан тұратын ГЭС каскады салу жоспарланған.

Бұл инфрақұрылымдық кешен Сарыағаш, Келес, Қазығұрт, Жетісай және Мақтаарал аудандарының тұрғындарын тұрақты әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл – су тапшылығы мәселесі өзекті болып отырған өңір үшін маңызды шешімдердің бірі.

Жобаның қуаттылығы жылына 110 миллион текше метр ауыз су өндіруге мүмкіндік береді. Бұған қоса, бес шағын ГЭС арқылы сағатына 72 мегаватт электр энергиясы өндіріледі. Бұл өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін арттыруға және ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларын тұрақты энергиямен қамтуға жол ашады.

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайхановтың айтуынша, жобаға жеке инвестиция тарту арқылы Қазақстанның су шаруашылығы саласына тың серпін берілуде.

«Министрлік Қазақстанның су шаруашылығына жеке ин-

вестиция тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Жобаны іске асыру 600-ден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, оның ішінде 500-і уақытша және 160-ы тұрақты жұмыс орны. Бүгінде жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді», – деді ол.

Түркістан облысы соңғы жылдары халық саны мен ауыл шаруашылығы өндірісі жағынан қарқынды өсіп келеді. Осы орайда, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен инфрақұрылымды жаңарту – өңір дамуының басты тетігі.

Жаңа су құбыры мен ГЭС каскады жобасы тек ауыз су мәселесін шешіп қана қоймай, өңірдегі жасыл энергетиканы дамытуға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға және жергілікті халықтың өмір сапасын арттыруға серпін бермек.

Түркістан облысында халықаралық деңгейде спортты дамыту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қазіргі таңда өңірде ат спортына арналған атшабар мен ескек есуге арналған арнаулы каналдың құрылысы қызу жүріп жатыр. Бұл жобалар әлемдік талаптарға сай келетін инфрақұрылым қалыптастырып, ел спортының дамуына серпін береді.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров құрылыс нысандарын арнайы аралап, жұмыс барысымен танысты. Жауапты мамандардан материал сапасы мен жұмыс қарқыны туралы есеп алып, нақты тапсырмалар жүктеді.

Атшабар – халықаралық жарыстарға жол ашатын кешен. Көпфункционалды спорт кешені ретінде салынып жатқан атшабар Халықаралық ат спорты федерациясының талаптарына толық сәйкес келеді. Мұнда болашақта Олимпиада бағдарламасына енген конкур, үшсайыс және ұлттық спорт түрлерінен халықаралық жарыстар өткізу жоспарланған. Атшабар құрылысына қазіргі таңда 30-дан аса техника мен 71 жұмысшы жұмылдырылған.

Ескек есу арнасы – су спорты мен туризмді дамыту өзегі. Облыс басшысы сондай-ақ ес-

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ ІРІ СПОРТ КЕШЕНДЕРІ БОЙ КӨТЕРУДЕ



кек есу каналының құрылыс жұмыстарымен танысты. Бұл кешен академиялық есу мен байдарка мен каноэ есуден халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нысан Түркістан қаласының суару жүйесіне оң әсерін тигізіп, туризмді дамытуға серпін береді.

Құрылыс жұмыстары 2021 жылы басталып, үш кезең бойынша жүргізілуде. Қазір үшінші кезең белсенді түрде жүзеге асырылуда. Құрылыс алаңында 165 жұмысшы мен 24 техника жұмылдырылған.

Кешен инфрақұрылымы. Жобаның толық инфрақұрылымына мыналар кіреді:

- 1000 орындық трибуна
- Қайықтар мен спорттық жабдықтарды сақтайтын эллинг ғимараты
- Төрешілер мұнаралары
- Аэрация және сүзу жүйелері
- Инженерлік инфрақұрылым

• Көрермендерге арналған табло

• Көгалдандыру мен абаттандыру элементтері

Түркістанда салынатын бұл спорттық нысандар өңірдің халықаралық деңгейдегі жарыстарды қабылдау әлеуетін арттырып қана қоймай, жастарды спортқа баулуға, сондай-ақ спорт туризмін дамытуға кең жол ашады.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛУДА

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласын дамыту, оның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын үйлестіру бағытында жүйелі жұмыстар жалғасып жатыр. Өңірде тіркелген 6 миллионға жуық төрт түлік мал – жем-шөпке деген сұраныстың артып отырғанын айқын көрсетеді. Осыған орай, облыста малазықтық дақылдарға басымдық беріліп, биыл 227 мың гектар жерге мал азығы егілді. Бұл – жалпы егіс көлемінің 25 пайызына тең.

Ауыл шаруашылығы бағытындағы өзекті мәселелер Түркістан облысы әкімдігінде арнайы мәжілісте талқыланды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров аудан, қала әкімдеріне және салалық басқарма басшыларына мал азығын дайындау бойынша нақты жоспар әзірлеп, бұл бағыттағы жұмысты тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаевтың айтуынша, өткен жылы өңірде 1,5 жылдық мал азығы қорын қалыптастыру үшін 5,5 млн тонна жем-шөп жиналған. Қыс айларының жылы және қолайлы өтуіне байланысты 1,9 млн тонна мал азығы биылғы жылға сақталып отыр.

Биыл ауа райының қолайсыз болуына байланысты, бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту қажет. Осы мақсатта қысқа, орта және ұзақ

мерзімге арналған кешенді жоспарлар әзірленіп жатыр. Оның аясында:

- Кебек бөлу ісін жүйелеу
- Су үнемдеу технологияларын енгізу
- Мал азығы дақылдарының көлемін арттыру сияқты шаралар қолға алынбақ.

Жиын барысында ауыл шаруашылығы зиянкестеріне, өсіресе шегірткеге қарсы күрес мәселесі де қаралды. Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың айтуынша, қазіргі таңда жағдай тұрақты, бірақ көршілес облыстар мен елдерден зиянкестердің ұшып келу қаупі бар. Осыған орай, аудан және қала әкімдеріне жағдайды қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

Қазіргі таңда облыс аумағында 700 мың гектардан астам жер зиянкестерге қарсы химиялық өңдеуден өтті. Оның ішінде:

- 638 мың гектар – жер үсті бүріккіштермен
- 64 мың гектар – авиациялық жолмен
- 2 мың гектар – аспалы бүріккіштермен
- 1 мың гектар – дронмен өңделген

Түркістан облысы агроөнеркәсіп кешеніндегі басты міндет – мал азығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы зиянкестерінен келер қауіптің алдын алу. Осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы алқаптарын зиянды жәндіктер мен шегірткелерден қорғау жұмыстары жоғары қарқынмен жалғасуда. Биыл өңірде аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы жүргізілген химиялық өңдеу көлемі 700 мың гектардан асты.

Жұмыс ауқымы мен техника түрлері:

- 632 мың гектар — жер үсті бүріккіштерімен өңделді
- 64 мың гектар — арнайы АН-2 ұшақтары арқылы дәріленді
- 2 мың гектар — аспалы бүріккіштермен
- 1 мың гектар — заманауи дрондармен өңделді

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Арыс қаласында өткен кезекті штаб отырысында шегірткеге қарсы атқарылған жұмыстар барысын тыңдады. Соңғы мәліметтерге сәйкес, өңірдегі бірқатар аудандарда Марокко шегірткесіне қарсы шаралар қарқын алған:

- Белсенді өңдеу жүріп жатқан аудандар:

Түлкібас, Сайрам, Созақ, Отырар, Төлеби, Сауран

- Тазалау жұмыстары жалғасып жатқан өңір:

Ордабасы ауданында ошақтар толық жойылып, аумақтар тазартыла бастады

- Күшейтілген техника жұмылдырылған аумақтар:

Келес, Сарыағаш, Арыс — ауданаралық шекараларда алдын алу шаралары жүріп жатыр

- Кезекшілік күшейтілген аудандар:

Қазығұрт, Шардара — зиянкестерден егістіктерді қорғау үшін тәулік бойы бақылау жүргізілуде

Химиялық өңдеуге 100 тоннадан астам препарат жұмсалған. Қаржыландыру бірнеше бағыттан қамтамасыз етілді:

- Республикалық бюджет: 192 мың гектар (аумақтық инспекция есебі-



нен)

- Жергілікті бюджет: 180 мың гектар

- Кәсіпкерлер демеушілігі: 300 мың гектардан астам алқап

Нұрбол Тұрашбеков барлық аудан басшыларына жұмыстарды тоқтатпай, тәулік бойы техникаларды кезекшілікпен жұмылдыруды тапсырды. Сонымен қатар, азаматтардан келіп түскен шағымдар мен хабарламалар жедел қарастырылып, маңыздылығы мен шұғылдығына қарай тез арада шешім қабылдануы тиіс.

Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕСТИОРЛАР ӨҢІРЛІК ЖОБАЛАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Шымкент қаласында халық-аралық деңгейдегі ірі IT және электроника өндірісімен айналысатын Қытайдың «MegaSoft» компаниясы өкілдерімен инвестициялық кездесу өтті. Жиынға қала әкімдігі мен салалық құрылымдардың өкілдері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ әкімшілігі қатысты.

Кездесу аясында Шымкент қаласының инвестициялық әлеуеті, инфрақұрылымдық мүмкіндіктері мен мемлекеттік қолдау тетіктері кеңінен таныстырылды. Инвесторларға «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының (АЭА) мүмкіндіктері ұсынылды. Бүгінде бұл аймақ 100% толып, көптеген отандық және шетелдік өндіріс орындары табысты жұмыс істеуде. Осыған байланысты, қалалық әкімдік пен АЭА басқармасы қосымша 100 гектар жер телімін бөлу арқылы аймақты кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Инвесторларға ұсынылған қолдау шаралары:

- Кездесуде шетелдік инвесторларға Қазақстанда бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалғаны, атап айтқанда:
 - Корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы (ҚҚС) және жер салығы бойынша жеңілдіктер,
 - Кедендік баждардан босату,
 - Инженерлік инфрақұрылымымен (сумен жабдықтау, электр қуаты, газ, жол, байланыс) тегін қамтамасыз ету,
 - Жер телімдерін рәсімдеудің жеңілдетілген тәртібі,
 - Шетелдік жұмыс күшін тартуға қолдау сияқты жан-жақты артықшылықтар таныстырылды.
- Шымкент әкімдігі инвесторларға өкімшілік кедергілерсіз, «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге жағдай жасалатынын атап өтті.

«MegaSoft» компаниясының өкілдері ұсынылған жобалар мен инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге жоғары баға беріп, Шымкент қаласымен бірлесіп жұмыс істеуге нақты қызығушылық танытты. Олар қаладағы өндірістік және логистикалық әлеует, соның ішінде Орталық Азия нарығына шығудың тиімділігіне назар аударды.

Компания өкілдерінің айтуынша, Шымкент – географиялық орналасуы мен даму қарқыны тұрғысынан Қытай инвестициясы үшін қолайлы бағыт. «MegaSoft» компаниясы алғашқы кезеңде электроника жинау мен бағдарламалық қамту өндірісін орналастыру мүмкіндігін қарастыруда.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара ынтымақтастықты дамыту, жекелеген жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеу, өндіріс нысандарына қажетті инфрақұрылыммен қамту және жер телімдерін бөлу бойынша нақты жұмыстарды бастау жөнінде келісімге келді.

Айта кетейік, Шымкент қаласы бүгінде Қазақстандағы ең ірі өндірістік және сауда-логистикалық орталықтардың бірі болып табылады. Индустриялық аймақтарда шетелдік капиталдың қатысуымен жүздеген жоба іске асырылып, мыңдаған жұмыс орны ашылған. Мұндай кездесулер Шымкенттің халықаралық іскерлік байланыстарын нығайтып, индустриялық-инновациялық даму жолын одан әрі жетілдіруге жол ашады.

Шымкент

қаласында

жасөспірімдер

арасындағы волейболдан алғашқы қалалық лигасы бастау алды. Спорттың дамуына серпін беретін бұл ауқымды іс-шара жаңадан пайдалануға берілген №12 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің заманауи спорт кешенінде өтті.

Салтанатты ашылу рәсіміне Шымкент қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Маратбек Мықтыбеков қатысып, жас спортшыларға сәттілік тілеп, жарыстың ресми басталуына жол ашты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай да жасөспірімдерге жүрекжарды тілегін арнап, олардың спортқа деген ынтасы мен құлшынысын арттыра түсті.

Турнирге бастамашы болған қоғам белсендісі Бақытжан Көпбаев бұл лига келешекте республикалық, тіпті халықаралық деңгейге дейін көтеріледі деген сенімін білдірді. Жа-

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ТҰҢҒЫШ ВОЛЕЙБОЛ ЛИГАСЫ БАСТАУ АЛДЫ

рысқа қолдау

білдірген аза-

маттар – Бағ-

лан Көпбаев пен Мирсалиев Миролім салтанатты түрде алғыс хаттармен марапатталды.

Бұл — еліміз бойынша тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған жасөспірімдерге арналған волейбол лигасы. Додаға қаламыздағы түрлі спорт мектептері мен жеке волейбол клубтарынан құралған 10 команда қатысуда.

Аталған турнир Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен және «Royal Motors Auto» ЖШС автосалонының демеушілігімен өткізіліп отыр. Жарыс кезеңдері тамыз айына дейін жалғасып, әр апта сайын қызықты әрі тартысты ойындар өтетін болады. Жүлде қоры — 1 миллион теңге.

Турнирдің түпкі мақсаты — өскелең ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын оятып, волейбол спортын кеңінен дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау. Алдағы уақытта бұл дода тұрақты форматта өткізіліп, дәстүрлі турнирге айналмақ.

№30 ЖӘНЕ №102 АВТОБУС БАҒЫТТАРЫ ЖАҢАРУДА



Қала тұрғындарының ұсыныстары негізінде қоғамдық көлік бағыттарына бірқатар жаңартулар енгізілді:

№30 бағыт:

Жолаушылар легінің артуына байланысты қосымша 2 кесте қосылды. Қазіргі таңда жұмыс күндері — 12 автобус, демалыс күндері — 8 автобус жолаушыларға қызмет көрсетуде.

№102 бағыт:

«Айна» базары маңындағы Аймауытов көшесінде автобус бұрылу бөлігі ыңғайсыз әрі қауіпті болғандықтан, бағыт сызбасы Жібек жолы көшесімен ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қосымша 2 кесте қосылып, жұмыс күндері — 11 автобус, демалыс күндері — 8 автобус қатынайды. Қоғамдық көлік сапасын арттыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Жолаушылардың ұсыныстары әрқашан басты назарда.

ҚАЛА ӘКІМІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Қала әкімі шаһар аумағын жаяу аралап, инфрақұрылым нысандарының жай-күйін тексерді. Жолда әріптестерімен бірге бірқатар көшелер мен қоғамдық орындарды қарап, орын алған мәселелерді жедел шешу үшін нақты тапсырмалар жүктеді.

Нысандарды аралау барысында не қаралды?

- 4-шағынаудандағы Қабылбеков көшесінде орналасқан сквердің абаттандырылу жұмыстары
- Алпысбаев көшесінде салынып жатқан жаяу жүргіншілер жолының құрылысы

Ақжiek пен Байтұлы баба көшелерінің қиылысында жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін арттыру мақсатында:

- бағдаршам орнату
 - жол белгілерін қою
 - жаңа өткел салу тапсырылды
- Сонымен қатар, әкім аудан әкімдеріне қаладағы тротуарлардың техникалық жағдайын кешенді түрде тексеріп, жыл соңына дейін жаңа тротуарлар салуды міндеттеді.

Тексерілген негізгі орындар тізімі:

- Ақжiek, Алпысбаев, Құрманбеков, Гагарин, Ломоносов, Жарқымбеков, Айбергенов көшелері

- Республика даңғылы
 - Төлеметов тас жолы
 - Қошқар-Ата және Қарасу өзендерінің жағалауы
 - «Көмеш бұлақ» сауда үйі, «Турист» қонақ үйі
 - Орыс драма театры, Әл-Фараби алаңы, Арбат аймағы
- Аралау қорытындысында қала басшысы келесі бағыттар бойынша жұмыстарды күшейтуді тапсырды:

- Көсіпкерлік нысандардың заңдылық тұрғысынан тексерілуі
- Санитариялық талаптардың орындалуын бақылау
- Қалалық тазалықты сақтау, тұрмыстық қалдықтарды уақытылы шығару
- Көше жарықтарын жаңарту және ретке келтіру
- Қоғамдық көлік аялдамаларының техникалық жай-күйін жақсарту

ҚОНАЕВ ДАҢҒЫЛЫНЫҢ II КЕЗЕҢІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қала инфрақұрылымын дамыту және көлік қозғалысын оңтайландыру мақсатында жүргізіліп жатқан Қонаев даңғылы бойындағы ауқымды құрылыс жұмыстары өз жалғасын табуда. Көптен күткен жобаның екінші кезеңі аяқталып, көлік қозғалысы үшін ресми түрде ашылды.

Қонаев даңғылының II кезеңі: Әйтеке би көшесінен Терешкова көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Төрт жолақты болып салынған жол көлік кемтісін азайтып, қала тұрғындарының қозғалысын жеңілдетеді. Сондай-ақ, қауіпсіздікті арттырады.

Атқарылған жұмыстар:

- Жол төсемі толықтай жаңартылды
- Инженерлік-коммуникациялық желілер қайта жаңғыртылды
- Жол бойындағы жарықтандыру жүйесі орнатылды
- Қауіпсіздік элементтері (белгілер, қоршаулар, өткелдер) күшейтілді

Аталмыш жобам жүзеге асса көлік қозғалысы жеңілдейді, экология жақсарады — шаң мен шудың таралуы азаяды, жаяу жүргіншілерге жайлы орта қалыптасады, қаланың инфрақұрылымдық әлеуеті артады.

Қала әкімдігі бұл жобаны тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге бағытталған нақты қадам ретінде бағалап отыр. Даңғыл бойындағы құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасады, алдағы уақытта жаңа учаскелер де пайдалануға берілмек.

«БУДАПЕШТ - ШЫМКЕНТ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША АЛҒАШҚЫ ТІКЕЛЕЙ РЕЙСТІ СӘТТІ ОРЫНДАЛДЫ

Венгрия астанасынан Шымкентке алғашқы туристер келіп жетті. Бұл маңызды оқиға Қазақстан мен Венгрия арасындағы туризмді, мәдени және экономикалық байланыстарды нығайтудың жаңа кезеңін бастайды.

Енді Сізді де Будапешт күтеді! Аптасына екі рет — сейсенбі және сенбі күндері тұрақты рейстер орындалады.

Небәрі 5 сағат 30 минутта Сіз Дунай өзенінің жағасындағы, бай тарихи мұраға ие Еуропаның көрікті қалаларының бірі — Будапештке табан тірей аласыз.

ӘЛ-ФАРАБИ АУДАНЫ: ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

2025 жылға арналған жол инфрақұрылымын дамыту жоспарына сәйкес, Әл-Фараби ауданына қарасты 276-орамда автомобиль жолдарын жөндеу және жаңарту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр.

Аталған жоба шеңберінде жалпы ұзындығы 5,7 шақырымды құрайтын 13 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Атауы жоқ №9, №10, №11, №12, №13, №14, №15, №16, №17 көшелері, сондай-ақ Ақжарма көшесі мен бірнеше көше тұйықтары абаттандырылуда.

Құрылыс-монтаж жұмыстары жол сапасын арттырып, аудан тұрғындарының қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл шаралар қала ішіндегі көлік қатынасының тиімділігін арттыруға, инфрақұрылымдық жүйені жаңғырту арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ӨНЕРЛІ БАЛАЛАР БАЙҚАУЫ

1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Шымкент қаласының Орталық саябағында «Bala Shym» өнер фестивалі өтті.

Мерекелік шара аясында бүлдіршіндер сурет, қолөнер, би және вокал бағыттарында өз өнерлерін көрсетіп, саябақты ертегі әлеміне айналдырды.

Саябақта балаларға арналған ойын алаңдары, «Ертегілер елі» көрмесі, ұлттық және интерактивті ойындар ұйымдастырылды. Мерекелік концерт көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Шарада қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек сөз сөйлеп, балалардың шығармашылығы мен жетістіктерін жоғары бағалады.

«Балалар — біздің болашағымыздың кепілі. Мемлекетіміз бала шыр етіп дүниеге келгеннен ержетіп өскенге дейін бар жағдайын жасап отыр. «Келешек депозиті» сынды мемлекеттік бағдарламалар — балалардың өмірін жақсартуға, олардың білім мен шығармашылыққа құштарлығын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Бүгінгі мерекелік шара да балалар үшін, — деді Сәрсен Абайұлы.

Шара нәтижесімен көзге түскен оқушылар марапатталып, ақшалай сертификаттарға ие болды.



ОТБАСЫҒА ОРНАЛАСУДЫ ЖАҢА ТҮРІ

1 шілдеден бастап елімізде отбасыға орналасудың жаңа түрі - «Кәсіби қабылдаушы отбасы» енгізіледі.

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен дөңгелек үстелде Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері 1 шілдеден бастап елімізде балаларды орналастырудың жаңа түрі – кәсіби қабылдаушы отбасы енгізілетінін хабарлады. Бұл уақытша шара балаларға қауіпсіз өрі жайлы үй жағдайын жасауға бағытталған.

Қабылдаушы кәсіби отбасылар бір уақытта төрт балаға дейін қабылдай алады. Әрбір балаға жеке көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетіледі. Баланың мұндай отбасында болу мерзімі ең көп дегенде алты айды құрайды.

Қабылдаушы кәсіби отбасыларға тек төрт санаттағы балалар ғана орналастырылады:

- жетім балалар;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- панасыз және қараусыз қалған балалар;
- зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар.

Қабылдаушы кәсіби отбасы болуға үміткерлер міндетті түрде жетім балаларға арналған арнайы ұйымдар мен балаларды отбасына орналастыруға көмектесетін аккредиттелген мекемелерде психологиялық дайындықтан өтеді.

Кандидаттарды тағайындау туралы шешімді қамқоршылық органдары қабылдайды. Бұл шешім ұсынылған құжаттардың толықтығы мен заң талаптарына сәйкес қабылданады.

Қабылдаушы кәсіби тәрбиешіге әр бала үшін ай сайын жәрдемақы және көрсеткен қызметі үшін қосымша төлем қарастырылған.

Балалар анықталған бойда интернат мекемелеріне емес, бірден отбасыларға жіберіледі. Бұл олардың отбасы жылуын сезінуіне мүмкіндік береді.

Айта кетейік, елімізде балаларды орналастырудың төрт түрі бар: асырап алу, қамқоршылық, патронат және қабылдаушы отбасы.

ЕНДІ ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ ОНЛАЙН АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

ИМ мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жеке куәлікті онлайн ауыстыру бойынша пилоттық жобаны іске қосты. Ол eGov.kz порталы және Mgov мобильді қосымшасында қолжетімді.

Егер куәліктің жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн және одан аз уақыт қалса, сондай-ақ жарамдылық мерзімінің өтуіне 10 күннен аспаса, бұл қызметті онлайн алуға болады.

Онлайн-форматта құжаттау азаматтарға:

- жеке куәлік ауыстыруға өтінім беруге;



- фотосурет жүктеп, қолтаңба қоюға;
- жеке деректерді растауға;
- мемлекеттік бажды төлеуге (өз қалауы бойынша жеделделтілген қызмет алуға) мүмкіндік береді.

Бұл ыңғайлы әрі уақытты үнемдейді және ХҚКО-да кезекті болдырмайды.

ШЫМКЕНТТЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХҚКО ЖАБЫЛДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Шымкент қаласы бойынша филиалы 196 орам, 381/1 мекенжайында орналасқан №2 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының жабылғаны туралы хабарлайды.

Айта кетейік, қаладағы қалған үш мамандандырылған ХҚКО өз жұмысын жалғастырады. Бұл ретте, 1 маусымнан бастап олардың екеуі кезекші кестеге сәйкес мына мекенжайлар бойынша қызметалушыларды қабылдайды: Достық мөлтек ауданында, 2343/1. Асар-2 мөлтек ауданында, 12Б.

Сонымен қатар, жабылған №2 мамандандырылған ХҚКО-дағы барлық мұрағаттық құжаттар мен сақтау үшін тапсырылған мемлекеттік нөмірлік белгілер Достық м.а. 2343/1 мекенжайындағы мамандандырылған ХҚКО-ға тапсырылады.

«Орталықты жабу туралы шешім жүргізілген талдау нәтижесінде, ресурстарды орынды пайдалану және оңтайландыру мақсатында қабылданды. Бұл ретте, қала тұрғындары үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігіне әсер етпейді. Қажетті барлық қызметтер үш мамандандырылған орталықта көрсетілетін болады. Атап айтқанда, теориялық және практикалық емтихандарды Достық м.а. 2343/1 мекенжай бойынша және Асар-2 м.а. 12Б мекенжайында тапсыруға болады. Мұнда жаңа автодром жұмыс істейді», – деп атап өтті Шымкент қаласы бойынша филиал директоры Айнұр Тобаева.

Еске салайық, кезекші мамандандырылған ХҚКО-лар жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін өтініштерді қабылдайды, ал дайын құжаттар беру сағат 20:00-ге дейін жүзеге асады. Сенбі күні сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін жұмыс істейді.

Кызылжар м.а., Жеделібайсын көшесі, 92 мекенжайында орналасқан №3 мамандандырылған ХҚКО дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін әдеттегі режимде жұмысын жалғастырады. Сенбі, жексенбі – демалыс.

Уақыт

«ҚҰРСАҚТАН БАСТАП 2 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ 1001 КҮН» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Оның айтуынша, балалар денсаулығын нығайту мақсатында жыл сайын 0-ден 18 жасқа дейінгі 4,5 млн бала міндетті түрде профилактикалық тексерулерден өтеді.

«ЮНИСЕФ-тің халықаралық ұсынымдарына сәйкес медициналық және әлеуметтік сипаттағы тәуекелдерді ерте анықтау үшін балаларды ерте жастан сапалы медициналық бақылаумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда 2017 жылдан бастап әмбебап прогрессивті патронажды бақылау қызметі моделі іске асырылуда. Сәби перзентханадан шыққаннан кейін алғашқы 3 күнде аймақтық қызмет мамандары - дөрігер мен мейірбикенің тарапынан міндетті патронаждық бару жүзеге асырылады. Патронаж қызметінің нысаналы тобына 5 жасқа дейінгі балалары бар отбасылар кіреді, шамамен 2 млн бала жыл

сайын қамтамасыз етіледі», – деді спикер.

Министрлік 2025 жылдың наурыз айынан бері «Құрсақтан бастап 2 жасқа дейінгі 1001 күн» бағдарламасын жүзеге асыруда. Бағдарлама ата-аналарға ерте жастағы баланың күтімі бойынша кеңес беруді, дамудың үйлесімділігін бағалауды қамтиды. Даму бұзылыстары анықталған жағдайда 6 жасқа дейінгі әр балаға «диагностқа дейін, мүгедектікке дейін» қағидатымен араласу бойынша жеке бағдарлама енгізді.

Осы мақсатта 2025 жылы 40-қа жуық даму және ерте араласу орталығы ашылды. Жыл соңына дейін олар барлық емхананың жанында құрылатын болады. Сондай-ақ биылдан бастап даму педиатриясы енгізілуде. Барлық бала 12 инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы міндетті егу шараларымен тегін қамтылады.

ҚЫМБАТҚА ТҮСКЕН МАССАЖ ЖАПҚЫШЫ: ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Соңғы уақытта елімізде алаяқтық жолмен тауар сатып, тұтынушыларды алдап кету жағдайлары жиілеп барады. Әсіресе, сапасы күмән тудыратын немесе нарықтағы бағасынан бірнеше есе қымбат өнімдерді несиеге рәсімдегіп сату әрекеттері жиі тіркелуде. Осындай жағдай Батыс Қазақстан облысында да орын алып, тұтынушының аанды құқықтарын қорғау бойынша нақты нәтижеге қол жеткізілді.

Қ есімді тұтынушы ұйымдастырушылардың шақыруымен массаж жапқышының таныстырылымына куә болады. Сатушылар бұл құрылғыны соңғы үлгідегі жоғары технологиямен жабдықталған, денсаулыққа аса пайдалы өнім ретінде сипаттап, тұтынушыны сендіреді. Алайда өнімнің бағасы — 1 000 000 теңге. Қаражат тапшылығы болғандықтан, сатушылар азаматқа банктік несие рәсімдеп береді.

Алайда үйіне оралған соң, Қ мырза интернет арқылы құрылғының нарықтағы бағасын тексеріп көргенде, нақты құны 60 000 теңгеден басталатынын анықтайды. Яғни оған өнімді 17 есе қымбат бағамен ұсынған. Алаяқтықтың құрбаны болғанын түсінген азамат бірден Батыс Қазақстан облысының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінген болатын.

Мамандардың көмегімен ресми наразылық жазылып, сатушы мекенжайына жолданады. Департаменттің араласуымен сатушы тұтынушымен байланысқа шығып, төленген 1 000 000 теңгені толық қайтарып берді.

Дәл осындай жағдайды Н есімді азамат та бастан кешіреді. Ол да массаж

құрылғысын 1 000 000 теңгеге несиеге рәсімдеп, кейін оның нақты бағасын білген соң Департаментке жүгінеді. Уақтылы жазылған шағым нәтижесінде ол да ақшасын толық қайтарып алды.

Мамандар не дейді?

Батыс Қазақстан облысының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті азаматтарды мұндай алаяқтықтан сақтану үшін төмендегі кеңестерге назар аударуға шақырады:

Нарықты зерттеңіз: сатып алмақшы болған тауарыңыздың бағасын әртүрлі дүкендер мен интернет платформаларда салыстырыңыз.

Келісімшартты оқыңыз: барлық шарттармен, әсіресе ұсақ жазулармен мұқият танысыңыз.

Бөліп төлеу шарттарын нақтылаңыз: пайыздық мөлшерлеме, мерзімі және қосымша төлемдер туралы анық біліңіз.

Кепілдік пен қайтару шарттарын біліңіз: тауардың қай жағдайда қайтарылатыны жазбаша көрсетілуі тиіс.

Егер сіз де осындай жағдайға тап болсаңыз, уақыт оздырмай Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне немесе тиісті органдарға шағымдануды ұмытпаңыз. Заңды құқығыңызды қорғау – өз қолыңызда.



«ҚАЗАҚСТАН БАЛАПАРЫ» БІРЫҢҒАЙ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Елімізде алғаш рет ауқымды «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы әзірленуде.

Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасы шеңберінде елімізде әрбір баланың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған барлық қолданыстағы және жоспарланған шараларды біріктіретін «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасын жасақтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері Балаларды қорғау күніне орайластырылған Орталық коммуникациялар қызметінде өткен дөңгелек үстелде мәлімдеді.

Аталған бағыттағы жұмыс Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен, Парламент депутаттарымен және азаматтық қоғам өкілдерінің белсенді қатысуымен жүргізілуде.

«Бұл мемлекеттің, ата-аналардың, педагогтердің, дөрігерлердің, әлеуметтік қызметтер мен ҰЕҰ өкілдерінің күш-жігерін біріктіретін Қазақстандағы алғашқы кешенді бағдарлама болады. Қазір біз балалық шақты қорғау саласында жасалған барлық істерді - нормативтік құжаттардан бастап нақты жағдайларға дейін - ненің тиімді екенін және қай тұстарын қайта қарауды қажет ететінін түсіну үшін мұқият талдап жатырмыз. Сондай-ақ статистиканы зерттейміз, себебі әрбір санның артында баланың тағдыры тұр», - деп атап өтті Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

«Қазақстан балалары» бағдарламасы өскелең ұрпақ мүддесіне бағытталған тұрақты және дәйекті мемлекеттік саясаттың негізіне айналады. Оны іске асыру елдегі әрбір баланың құқықтары мен дамуын жүйелі қорғау үшін берік іргетас қалайды.

Зілді әзіл...

КИНОТЕАТР ТЕЛЕВИЗОР



Кинотеатр телевизор сатып алдық. Аты – «Самсунг». Бұны алғанымызда бөріміз көрші-қолаңмен қуанып қалдық. Қуанышпен бөліспей көр, бөлмеде сөйлеп тұрған адам экраннан тура өзіңмен тілдескендей әсер береді ғой!

Ауылда не жоқ дейсің? Алғашында көдімгі тірі адам екен деп, “Ассаламағалейкум!” деп сәлем бергендер де болды.

Бір күні бөріміз жиналып, кинотеатр телевизорды тамашалап отырғанбыз. Экраннан бір қыз шықты. Ортадағы темірге жармасып, айнала берді. “Топалаң басталды ма?” деп қалдық. Кенет қыз халатын шешіп, шалқасынан түссін!

– Ойбай, өшір! – дедім.

Жабылып жүріп әрең өшірдік. Сөйтсек, бұл Ресейдің “Голые и смешные” деген арнасы екен. Осы кинотеатр телевизорымыз болмаса, мұндай қызықтарды қайдан көріп, таңданар едік?

Содан мен де айлакер боп алдым. Қалай дейсіздер ме? Столдың астына бұғып алып, келінімді бақылап жатамын. Айналайын, сезімтал бала ғой. Бірдеңе бола қалса, қолына сыпырғыш ұстап, болмаса кесе жуғансып, асүйге қарай зып береді. Бұл – маған белгі. “Қамдан!” дегені.

Мен де қарап жатпаймын. Теріс қарап, жөтеліп, сөйлей жөнелемін:

– Әй, анау ала сиырды байладыңдар ма? Қойларды қамадыңдар ма? Итке тамақ бердіңдер ме? Ықы-ықы... есікті ілдіңдер ме?..

Солайша көз қиығыммен кинотеатр телевизорға қарап қоямын. “Бітті ме екен?” деймін. Жоқ, бітер емес – құшақтасып-аймаласып... Тағы аунап түсіп:

– Күн суық. Тауықтарға жем шаштыңдар ма? Ықы-ықы... – деп, аналар кеткенше жөтеле беремін.

Әрі-бері аунап, өзім де бір цирк акробатындай боп алдым. Бөлме іші –

қыран-топан күлкі. Кемпірім болса:

– Әй, болды, енді тұр! – дейді.

Бетімді беторамалымен сүртіп, сонда ғана еңсемді тіктеймін. Өзі жырқ-жырқ күліп отырады.

Кемпірім әдетінше тиісіп қояды:

– Әдіре қалғыр, ораза кезінде сәресі ішіп отырып көрген дұрыс деп жүргенің бе?

Міне, сізге кинотеатр! Бұны көргелі көзіміз ашылып, дүниетанымымыз кеңейіп қалды. Бірде аяқтарын саңдатып, Испан конкистадорлары қылыш асынып шығады. Енді бірде мұрты едірейіп, француз өртістері пистолетпен атысып жүреді. Қандай сериал десеңізші! Соңы не болады деп алдын ала айтып отырамын: түрік сериалы болса – ажырасады, болмаса – бір-біріне у беріп өлтіреді. Айтқандай-ақ, біреуі міндетті түрде арам қататыны бар.

Бөлем Қыдыр келді сәрсенбі күні. Телевизорымызды қосып бердік. Жексенбіде құдашам келді – оған да көрсеттік. Бірақ ол “Голые и смешные”-ге қарамай, “Перец” деген арнаны жақсы көріп қалыпты. Қып-қызыл соғыс жүріп жатыр онда. Біреулер күйеуін аңдып жүріп, видеокамералармен түсіріп алып, әйеліне ұстатып жіберіпті. Соңы у-шуга ұласты, бейшараның киімін киюге де шамасы келмей қалды. Балашағамен көріп отырмыз. Маған ұнамағанмен, үйдегілер жаппай қадалып қарап отыр.

Рахат екен ғой – кең экран!

Құдам келгенде болған қызықты айтсам, кинотеатр телевизор көрем деп үйімізден шықпас едіңдер. Сонымен құда-құдағилар келіп, телекөрсетілімді бастап жібердік. Шетелдік арна екен. Бір қызды таудай бір жігіт құшақтап алыпты. “Голые и

смешные” оның қасында ертегі екен!

– Өшір, ойбай!

– Бас!

– Қай жерін?

– Сәл төменірек!

– Өшпейді ғой!

– Әдейі істеп тұр бұл телевизор! – деймін мен.

Кемпірім болса – пультаң тетіктерін таппай әуре. Келінім баяғыда кесе жуғансып кетіп қалған. Немерелер пультаң бермей, столды айнала қашып, күліп жүр. Өлгілер экранда өлі...

Құдам:

– Ажыратсаңдаршы, – дейді.

Қалай ажыратасың?! Олар телевизордың ішінде, біз – сыртында. “Мәдениетсіз” дейді. Артынан барып:

– Бұл не, өзі?.. – дейді аң-таң болып.

– Білгісі келсе, батыстың фильмін көрсін! – деймін.

Ал немерелерім білмейді деп ойлайсыз ба? Сенесіз бе, теледидарды өшіре алмаған соң, бөріміз бетімізді басып, столды айнала құлай-құлай жаттық қой.

Айтпақшы, бір күні Ресейдің “Боец” деген арнасын көрдік. Көрмегеніміз жақсы еді. Ауылдың жүгермектері екі-үш күнге дейін аузы-мұрны көгеріп жүрді – көргенін қайталап.

Кемпірім екеуміз – боец!


Балам мен келінім – боец!

Күлкі ғой, шыным!

Сонда деймін, өзіміздің инабатты фильмдер қайда? Жоқ емес – бар. Бірақ онда да: құлаған үй, жылаған бала, Аралдың проблемасы. Күйік қой... Күйік үшін жаратылған елміз біз.

Сосын көршіммен бөтесіп қалдық. Ол:

– Бізде жақсы әншілер бар. Қазір алтау болып шығады! – дейді.



Мен:

– Жоқ, шықпайды! Шықса, бесеу-ақ болады! – деймін.

Ақыры, бесеу болып шықты да, біреуі кетіп, төртеуі ғана қалды.

Не мен жеңбедім, не көршім.

– Омыраулары қарлығаштың ұясындай! – дейді көршім.

– Үшкіш сорлы... –

Мен болсам:

– Материал үнемдеген шығар, – деп қорғаштаймын.

Жарнама да қызық – жарты сағат бойы көрсетеді. Өлгі бір шүберекті “тұмауға жақсы екен” деп жүрсек, ол әйелдердің іш киімі екен ғой. Оны кім білсін?!

Қызық қой, осы кинотеатр телевизор деген!

Сонда деймін, шетелдің “Боец”, “Перец” сияқты атыс-шабыстарының орнына неге ұлттық рух, тіл, дәстүр туралы бағдарламалар көрсетілмейді? Осы сұрақ мазалайды.

Бала-шаға, келін-кепшік:

– Рахат! – деп отырған соң алғанмын ғой.

Қайтейін енді?



Сіз бір сыйлас адамыңызға қарыз беріп, кейін қайтара алмай қалған кезіңіз болды ма? Бұрын мұндай оқиғалар туралы еститін едім, бірақ басыма келер деп кім ойлаған?..

Сонымен, әңгіме қарыз ақша жайлы.

Жұрт оны Абылқасым дейтін. Мен қалыптасқан сыйластықпен «Әбеке» дей берейін.

Әбекең базардағы аяқ киім сататын жеке дүкенде жұмыс істейтін. Бір күні тауар айналымына аз-маз ақша сұрап келді. «Жоқ» десем де болар еді, бірақ «пәлен пайыз өсімімен қайтарамын» деп қиылған соң не амал бар – беріп жібердім.

Алуын алды-ау! Бірақ мен кейбір пенделер секілді қарызды беріп алып, он күн өтпей соңынан қуалап баруға арландым. Ақшамды екі ай өткен соң барып сұрадым.

Бірақ... өндіре алмадым. Уағда баяғыда-ақ өтіп кеткен. Араға ай салып тағы бардым. «Мә!» деген ешкім болмады.

Өзі істерінің кері кетерін сезген соң ба, адамдар әдетте сондайда үндемей қалатын секілді. Мен де барған сайын жиілеті түстім: апта сайын, тіпті күнде бара жаздадым. СМС жаздым. Таныстардан дүкенге бара қалса, «Әбекеңде қарызым бар еді, еске сала салыңызшы» деп өтінген кездерім де болды.

ҚАЙТПАҒАН ҚАРЫЗ



Бірақ мен де сыйластықтан аса алмай, қашанғы күтіп жүре берейін? Кісі қысылғанда түрлі амалға баратыны бар емес пе... Мен де ақшамды сұраудың басқа жолына көшіп алдым.

Кездескен таныстарымды дүкен алдына ертіп апарып, қарыз жайлы әңгімені сол жерде қозғайтынды шығардым. Даусымды сәл көтеріп айтуды да әдетке айналдырдым – Әбекең естіп қалса екен деп.

Бір күні Жөкен деген досым – базарда кеңсе тауарларын сатады – соны ертіп, аяқ киім дүкенінің алдына отырғызып қойдым. Сөйлесуге сылтау болсын деймін. Газет, саясат, елдегі күнкөріс деңгейі туралы біраз әңгімені қозғап, ақыры сөзді қарыз ақшаға бұрып тындым.

Кейде тіпті беталды дауыстап:

– Ай, жігітім, қарызымды қашан қайтарасың? – деп те қоямын.

Бұл енді... ақшамды сұраған түрім ғой.

Өзім сұрауға ұялған соң, дүкен алдына кімдерді ғана өкеліп, кімдермен құлаққағыс қылмадым десеңізші: шеттерін өрнектеп дөңгелек-дөңгелек нан сататын жылдам сатушылармен де, қақпа алдында тұрып жөн сұрасаң маңғаздана қалатын базар талоншысымен де, тіпті мұрты тікірейген арба итерушілермен де сұхбаттасуға тура келді.

Сыйлас кісілер мені бірде-бірде дүкен алдында жиі көретін болды. Кездесіп қалса:

– Жай жүрсіз бе? – деп сұрайды.

Әншейінде бас изесіп өте шығатынбыз. Бұл да мен үшін сылтау.

Ертелі-кеш дүкен алдында менімен кімнің сырласа бергісі келеді дейсіз?

Сыйластарым:

– Асығыс едім, – десе,

– Бір минут тыңдай салыңызшы, – деймін.

– «Пәлен жерге барушы едім», – десе:

– Сіз Сәдібектің құдалығы туралы не білесіз?

Мәкеңе істегені тіптен адамгершілікке жатпайды. Осы да құда күту ме?! – деп бірден отты әңгіменің бел ортасына кіріп кетемін. Құдалық десең, құлағын тоса қоятын жұрттың сыры маған белгілі ғой.

Ал қарыз жайлы жарапазанымды тоқтаусыз жалғастыра беремін. Бұның бәрін бекер істемеймін – борышкерім естіп жүрсін деймін.

Алайда халық арасында тура сөйлейтін, мінезді адамдар да бар ғой. Олар маған:

– Сіз неменесіне күнде сызылып жүрсіз? Анау итіңізге барып: «Қарызымды қайтар!» десеңізші! Доңыз болмаса, өзі-ақ қайтарар еді! – деп ақыл қосатынды шығарды.

Масқара-ай! Осыншалық қыз мінезді ұялшақ болармын ба? Осылардың айтқанынан Әбекең «доңыз» деген тұсын естіп қоймаса жарар еді деп іштей қиналатынмын. Қалай дегенмен де сыйлаймын ғой...

Енді менің дүкен алдына не үшін келетінімді біліп алған таныстарым алдымнан жымып, жымыңдасып өтетін болды. Осы да мінез бе? Табалау емес пе бұл?!

Олардың болмашыға ыржиып кететін әдетін өзім де білемін. Осы көріністен кейін дүкен алдында сандалуды қойып, үйде күтуге көштім.

Алайда... өлі күнге борышкерімнің төбесі көрінер емес. Ақыры:

– Мұндай болса, қарызы да, өсімі де құрсын! – деп, өзімді өзім жұбатып отырамын.

Сыйлас кісілерге де сене беруге болмайтынын кеш түсінгенім – өкініш-ақ.

Әңгімелердің авторы: Ералхан ЖЫЛҚАЙДАРҰЛЫ.

Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Дюсупова Кенжебек Бокеевича, умершего 16.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8 701-505-88-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пименовой Любовь Леонидовны, умершей 01.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толлеби 39. тел. 8 778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Красновой Светланы Евгеньевны, умершей 20.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалихановны 219/41 тел. 8 777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юсупова Халмурат Акбердиевича, умершего 19.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г. тел. 8 771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Титесовой Динары Тулубековны, умершей 02.07.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Уалихановой Ж.А. г.Шымкент ул.Желтоқсан 6 тел. 8 778-578-59-15.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ажимбекова Кубей Конусбековича, умершего 08.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толлеби 39 тел. 8 778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байдауленова Макулбека, умершего 04.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с.Рыскулова ул.Рыскулова 290 тел. 8 708-824-79-95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байгабековой Айткул Абеновны, умершей 18.03.2012г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г. тел. 80705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жунусова Мадияр Шапаевича, умершего 10.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент ул.Байтерекова 80. тел. 8 771-685-75-23.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байкабылова Турхунбая, умершего 21.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Есенбаевой Г.Р. г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 тел. 8 701-780-63-44.

*** Открылось наследство

после смерти гр. Абеевой Зинакл, умершей 11.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Абу Г.К. г.Шымкент ул.Уалиханова 186. тел. 8 777-018-77-00.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тилдабековой Токжан Аюбайқызы, умершей 03.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент пр.Республики 21-34 тел. 8 707-616-49-34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тасаевой Гулпаршин Абдихановны, умершей 14.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 205/8 тел.8 705-410-09-24.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдышева Ораз-Мухамед Зайтбековича, умершего 03.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8 707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Коноваловой Елены Валерьевны, умершей 26.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Е. г.Шымкент 17 мкр дом 13 А. тел. 8 701-503-65-17.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аскарова Ришат Нургалиевича, умершего 22.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменов А.О. г.Шымкент ул.Жолдасбекова 51/1 тел. 8 701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мауленова Мадияр Бахытжановича,

умершего 10.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Калаевой Лидии Михайловны, умершей 01.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухитдиновой З.Е. г.Шымкент ул.Момышулы 4/15 тел 8 701-657-18-54.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахметова Едиге Баимбетовича, умершего 13.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент ул.Байтерекова 89 тел. 8 771-685-75-23.

*** Открылось наследство после смерти гр. Исаева Нурлан Батырхановича, умершего 12.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толлеби 39 тел. 8 778-591-8098.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурлыбекова Мухаш Калжановича, умершего 27.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г. тел. 8705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мошкаловой Багдат Колбаевны, умершей 27.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С.г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г.тел. 8 705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Асановой Салтанат Таскынбаевны, умершей 26.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Маделли кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шанбаевой Сапуры Аширбаевны, умершей 04.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр.Отырар дом 59-26. тел. 8 778-402-83-83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Торебекова Назарбай Несипбайулы, умершего 15.12.2024 г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толлеби 39 тел. 8 778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Корминой Анжилика Анатольевны, умершей 16.03.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41. тел. 8 777-887-47-77.

Ликвидация

*** ТОО”Монтажспецстрой ХХ1”объявляет о своей ликвидации (БИН 021140004587) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент 17 мкр. дом 2 кв. 69.

*** ТОО” Terra Trade 2025” объявляет о своей ликвидации (БИН 250440019808) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г Шымкент ул.Адырбекова 17.

*** ТОО”Alip D-group” объявляет о соей ликвидации (БИН 210840028616) Все претензии принимаются в течение 2 меслца со дня опубликования.Казахстан Туркестан обл. г.Туркестан ул. Сырым батыра дом 26.

*** ТОО”MEISUR” объявлять своей ликвидации (БИН 171240003820) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана р-н Сарыарка ул. Т.Шевченко дом 8 кв.173.

*** ТОО” Али Хан компани” объявляет о своей ликвидации (БИН 230240023667) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. Толебийский р/н с.Коксайек ул. Толеби дом 581.

*** ТОО”Келдиев” объявляет о своей ликвидации (БИН 240340023305) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. с/о.Киелитас с.Султанрабат ул.Саурана 44.

*** ТОО” Строй Ресурс Групп” объявляет о своей ликвидации (БИН 160940023002) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Аманжолова дом 112.

*** ТОО”Маккамбаева Гулназ” объявляет о своей ликвидации (БИН 241240010114) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Запотоцкого дом 67 кв.2.

Шымкент қаласы полиция депортаменті Әл-Фараби аудандық полиция басқармасы

Ағымдағы жылғы 20-сәуір мен 20 маусым аралығында республика аумағында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан атты ауқымды акция өткізілуіне орай, кең ауқымды акция өткізілуде. Акция мақсаты: “Отбасы тұрмыстық қарым-қатынаста жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу , отбасындағы зорлық -зомбылыққа жол бермеу”

2025ж. 5 қаңтардан бастап Отбасылық -тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласында жаңа бөлім өз қызметін бастады. Бұл бөлім тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте жинақталған жүйелік мәселелерді шешуге,сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Егер сізге немесе сіздің жақын адамға күш көрсетіліп, психологиялық зорлық-зомбылық әрекет жасалса,бізге хабарласыңыз тел: +77475291438. мекен жайымыз Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі 3 үй. Әл-Фараби аудандық п/б №224 кабинет. Біз сізге құқықтық және психологиялық көмек көрсетуге дайынбыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ҚМ “Шымкент аудандық пайдалану бөлімі” РММ, 44859 әскери бөліміне арналған қоршаған органы қорғау бөлімі (ҚОҚБ) (эксплуатация кезеңі) бойынша көпшілік талқылауы арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.Қоғамдық талқылау 13.06.2025ж. бастап 5 жұмыс күні аралығында өтеді. ndbecology.gov.kz. ақпараттық жүйесінде жобалық құжаттама пакетімен танысып, ескертулер мен ұсыныстар беруге болады. Тел +77751984515.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ”Шымкентская районная эксплуатационная часть” МО РК уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсужденийпопроекту “Раздел охраны окружающей среды (РООС) для РГУ “ Шымкентская РЭЧ” воинская часть 44859 МО РК. Публичные обсуждения состоятся с 13.06.2025г. в течение 5 рабочих дней. С пакетом проекта документаций можно ознакомиться в информационной системе ndbegology.gov.kz. для предоставления замечаний и предложений.тел. +77751984515.

Жарамсыз деп танылсын

*** 1989ж. туылған Есенгелдиев Айдар Мухтарович атына тіркелген ГШ № 08117 қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1943ж. туылған Қалыбеков Пернеханнның атына тіркелген Шымкент қа-ласы Бадам-1 елді мекеніндегі Ж-К-10934 10.09.2014ж. алынған жер телімінің құжаттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерянные документы ИП” Алимбаев” ИН 911106300742, иностранные бланки разрешения для перевозки грузов Россия 3 стр. № 0290296, 0290288 считать недействительными.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА -
Бас редактор
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Г. Ляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі
Ұлжалтас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Қызылорда, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Талпырыс: №119
Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ҚҰРБАН

АЙТ МЕРЕКЕСІ
ҚАЛАЙ АТАП ӨТІЛЕДІ?

Шымкент қаласы Өңірлік Коммуникациялар қызметі ақпарат алаңында, қасиетті Құрбан айт мерекесіне орай, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) Шымкент қаласы бойынша өкілдігі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Іс-шараға ҚМДБ-ның Шымкент қаласындағы бас имамының орынбасары Мұсабек Ақтамберді және дінтанушы-магистр Мұхамеджан Естеміров қатысты. Олар журналистердің қойған өзге де сұрақтарына жауап беріп, мерекелік іс-шаралар мен діни рәсімдер жайлы жан-жақты ақпарат берді.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті білдіретін мейрам. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұя-лаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – деп айтылған.

Осы аяттан аңғарғанымыздай, Құдай жолындағы амалдар риясыз, таза ниетпен орындалуы тиіс. Қаржылық жағдайы жеткілікті өрі жолаушы емес мұсылманға құрбан шалу — уәжіп. Ал шамасы келмейтіндерге ондай міндет жүктелмейді. Дегенмен, мереке күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға қамқорлық көрсету — сауапты іс.

Басынан бері Ислам дінін ұстанып келе жатқан халқымыз бұл мейрамды ерекше дайындықпен қарсы алып келеді. Құрбан айт күні үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, көңілі жабырқаған жанға қуаныш сыйлау, мұқтаж жандарға құрбандық етін тарату сынды игі амалдар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. ҚМДБ-ның «Рабың үшін құрбан шал» атты қайырымдылық акциясы аясында көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіліп, шын ықыласпен жәрдем беріледі.

Баспасөз мәслихатында қашықтан құрбан шалуға арналған qurban.muftyat.kz сайты таныстырылды. Сонымен қатар, қала әкімдігімен бірлесіп «Балаларға базарлық» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылатыны жөнінде хабарланды.

Шымкент қаласындағы барлық мешіттерде Құрбан айт намазы 2025 жылғы 6 маусым күні таңғы сағат 6:00-де оқылады. Айт намазына ерлер мен әйелдер бірдей қатыса алады. Бұл — мұсылман қауымы үшін рухани бірігудің, ізгілікке үндейтін қасиетті сәті. Бұдан бөлек, Шымкент орталық мешіті жанынан құрылған «Құрбан айт Call-Center» орталығы (+7708 478 57 22) діни сұрақтарға жауап беріп, тұрғындарға кеңес береді.

БЕТ КҮТІМІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАРДЫ ҚАНДАЙ РЕТПЕН ҚОЛДАНУ КЕРЕК?

Кез келген тері түріне үй күтімі мыналарды қамтуы керек: тазарту; сергіту; сарысуды қолдану; крем жағу; пилингтер мен маскаларды мерзімді қолдану.

Бет терісіне күтім жасаудың негізгі қадамдары

Теріні тазарту

Кейде тиісті көңіл бөлінбейтін маңызды қадам, бірақ тазарту теріге зиян келтіруі немесе күтімнің тиімділігін арттыруы және тіпті емдік әсер етуі мүмкін.

Теріні тазартудың 3 түрі бар:

Макияжды кетіру және теріні тазарту – макияждың өзін де, тері секрециясын және беткі кірді кетіру.

Терапиялық тазарту – мәселеге сәйкес тазартудың 2-ші кезеңі. Ол жасына және белгілеріне байланысты таңдалады: гиперкератоз, комедондар, өжімдер, пигментация және т.б. Айқын проблемалары жоқ қалыпты тері үшін оны қолдануға болмайды.

Теріні терең тазарту күн сайын жүргізілмейді және қышқылдың төмен мөлшері бар өнімдерді пайдалануды қамтиды, сонымен қатар белгілерге сәйкес таңдалады.

Тоник қолдану

Бұрын мұндай әдіс міндетті болып саналатын және оның негізгі қасиеті теріні қосымша тазарту болды.

Қазіргі уақытта тониктер тазарту және рН қалпына келтіру функциясын көбірек орындайды, сондай-ақ ылғалдандырады және мәселені қосымша күтіммен қамтамасыз етеді.

Сарысуды қолдану

Тоник сияқты жиі қойылатын сұрақтар: «сыворотка қажет пе?», «жай сарысуды кремсіз қолдана аламын ба немесе керісінше?»

Сарысу - белсенді ингредиенттер бойынша ең шоғырланған өнім және белгілі бір тері проблемасын жою үшін белгілі бір функцияны орындайды. Ол керек! Сарысуды кремсіз тек жылы мезгілде,

түнде (тері қорғанысын қажет етпейді) және қалыпты/майлы тері түрлеріне қолдануға болады.

Теріңізге жақсы әсер ететін болса, сарысусыз кремді ғана қолдануға болады.

Кремді жағу

Толық тері күтімі үшін кремнің 3 түрі қажет екенін түсіну маңызды:

Күндізгі крем – теріні сыртқы факторлардың теріс әсерінен қорғайтын SPF бар көп функциялы күтім кремі.

Түнгі крем - бұл ретинол, АНА, бензоил пероксиді, пептидтер және т.б. сияқты құрылымы мен белсенді ингредиенттеріне бай крем. Дәл түнде терідегі барлық синтетикалық және метаболикалық процестер белсендіріледі.

Көз кремі – таңертең және кешке 1 рет қолдануға болады.

Үй жағдайындағы пилингтер мен маскалар

Егер апта сайын косметологқа бару мүмкін болмаса, онда аптасына бір рет үй күтімі құралдарының тиімділігі мен терең енуін арттыру үшін үйдегі пилингті пайдаланып терең тазартуды жүргізу қажет. Ең дұрысы, емдеуді арнайы маскамен аяқтаңыз.

Өнімдерді теріге жағу тәртібі

Таң

Тазартқыш агент. Бұл тармақты елемеге болмайды, өйткені түнде терідегі секрециялар теріде жиналады және оны жуу керек.

Тоник

Маска. Таңертең бетпердемен серуендеуге бола ма? Оны қолданыңыз! Ылғалдандыратын, антиоксидантты, лимфа дренажы – таңдау бар.

Сарысу

SPF бар күндізгі крем немесе күндізгі крем + SPF бар крем

Кеш

Макияжды кетіру және теріні тазарту

Терапиялық тазарту

Тоник

Сарысу

Түнгі крем

Мицеллярлы су — теріні тазартуға арналған көпфункционалды косметикалық құрал. Ол терідегі кірді, макияжды,

майлы бөліністерді және ластануды жұмсақ түрде кетіруге арналған. Оның негізгі құрамдас бөлігі — мицеллалар деп аталатын ұсақ молекулалар (майлы және су негізіндегі), олар терідегі ластануды өзіне тартып, жоюға көмектеседі.

Мицеллярлы судың пайдасы:

- Теріні тиімді тазалайды:
- Беттегі макияжды (тіпті суға төзімді косметиканы да) оңай кетіреді.
- Майлы теріден артық май мен кірді жұмсақ алып тастайды.
- Қосымша жуу құралын қажет етпейді (кейбір түрлері):
- Көп жағдайда сумен шаюды қажет етпейді, бірақ терісі сезімтал адамдар үшін кейін бет жуып жіберу ұсынылады.
- Теріні құрғатпайды:
- Құрамында спирт жоқ, сондықтан теріні құрғатпайды, ылғалдылықты сақтайды.
- Сезімтал теріге қолайлы:
- Құрамында хош иіс, спирт немесе агрессивті компоненттер жоқ нұсқалары аллергияға бейім және сезімтал теріге қауіпсіз.
- Қолдануға өте ыңғайлы:
- Су мен сабын қажет емес жағдайларда (жолда, жұмыста, саяхатта) теріні тез тазалап алуға болады.
- Тері рН-ын теңестіреді:
- Терінің табиғи қорғаныс қабатын бұзбайды.

Қай кезде қолдануға болады:

- Таңертең ұйқыдан тұрған соң теріні сергіту үшін
- Кешке — макияжды кетіру және күн бойғы ластанудан тазарту үшін
- Саяхат кезінде немесе теріге жұмсақ тазарту қажет болған кез келген сәтте

Бет терісін қалай керемет күйге келтіруге болады?
Көбірек су ішіңіз.
Дұрыс тамақтануға тырысыңыз.
Күндіз бетіңізді қолыңызбен ұстамаңыз.
Шашыңызды бетіңізден аулақ ұстаңыз.
Теріңізді шамадан тыс кептірмеңіз.
Скрабтарды абайлап қолданыңыз.
Бетіңізді жуу үшін губканы пайдаланыңыз.
Мүз текшесін пайдаланыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Glometech» ЖШС, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, 280 квартал, №81 участок, мекенжайы бойынша орналасқан «Қолданыстағы өнеркәсіптік қалдықтар полигонын (көму орны) қайта құру» жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп беру жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 09.07.2025ж., сағ.12:00

Талқылау өтетін орны: Шымкент қ., Тұран ауд., 280 квартал, №81 участок. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Glometech» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/89954604137?pwd=x8yyH5nGIJeH-N4lH8IbPsE1mB7cU51.1>

Конференция идентификаторы: 899 5460 4137,

Кіру коды: 8L3YAт

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> Жобаны өзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Glometech» объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях к рабочему проекту «Реконструкция существующего полигона (могильника) промышленных отходов», расположенному по адресу: г.Шымкент, Туранский район, 280 квартал, №81 участок.

Дата обсуждения: 09.07.2025 г., 12:00ч.

Место обсуждения: г.Шымкент, Туранский р., 280 квартал, №81 участок.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Glometech»

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us05web.zoom.us/j/89954604137?pwd=x8yyH5nGIJeH-N4lH8IbPsE1mB7cU51.1>

Идентификатор конференции: 899 5460 4137,

Код доступа: 8L3YAт

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/> Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group» Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru Контактный тел: 8 (776)7417047

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Bokei» ЖШС, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылдық округі, 029 участок, 149 квартал мекенжайы бойынша орналасқан кен орнынан сазтопырақ өндіру үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (РПН) жобасы бойынша II санатты объектісі үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Талқылау күні: 11.07.2025ж., сағ.12:00.

Талқылау өтетін орны: Түркістан обл., Ордабасы ауд., Бадам а. о., 029 участок, 149 квартал Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Bokei» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGRO-Ym1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> Жобаны өзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8 (776) 741 70 47

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для объекта II категории ТОО «Bokei», по проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) для добычу суглинков месторождения расположенного по адресу: Туркестанская область, Ордабасинский район, с/о Бадам, 029 участок, 149 квартал.

Дата обсуждения: 11.07.2025 г., 12:00ч.

Место обсуждения: Туркестанская обл., Ордабасинский р., с/о Бадам, 029участок, 149 квартал.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Bokei»

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGRO-Ym1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596,

Код доступа: 123456

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/> Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group» Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru Контактный тел: 8 (776) 741 70 47

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі журналист Дәурен Қуатқа аяулы

АНАСЫНЫҢ

қайтыс боулына байланысты қағысына ортақтаса отырып көңіл айтады.